

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 6) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. "Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі N 86-НҚ бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 мамырда N 1511 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық кесімдерінің жаршысында жарияланған, 2001 жыл, N 25, 436-құжат, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 13 маусымдағы N 122-НҚ бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесінің:

13-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Тізілімді қалыптастыру кезінде тауар рыноктарын талдау үшін:

1) рыноктардағы өндірістің, экспорттың және импорттың көлемдері туралы статистикалық ақпарат;

2) қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы есептер; өнімдердің монополиялық түрлері жөніндегі ақпарат: шығару көлемдері, босату бағалары және өндіру табыстылығы;

3) рыноктар субъектілерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өндіру көлемдері, рынокқа жеткізу, рынокқа енгізу көлемдері, рыноктан тыс жерге шығару көлемдері, рынокқа экспорттау және импорттау туралы ақпарат;

4) монополияға қарсы орган жүргізген тексеріс процесінде алынған ақпарат;

5) монополияға қарсы органның тауар рыногына талдау жүргізу процесінде, соның ішінде консультанттарды тартумен, алынған ақпарат;

6) мемлекеттік органдар ұсынған ақпарат;

7) монополияға қарсы органның өзінің міндеттері мен функцияларын орындау процесінде алған өзге ақпаратты пайдаланылуы мүмкін.

Рынок субъектісін монополист деп тану туралы қорытынды дайындау кезінде монополияға қарсы органдар монополияға қарсы орган жанындағы Сараптама кеңесінің және басқа сарапшылардың ұсынымдарын ескеруге құқығы бар.";

14-тармағындағы "жыл қорытындысы бойынша қалыптасады" деген сөздер алынып тасталсын;

15-тармағындағы "жыл ішінде" деген сөздер алынып тасталсын; көрсетілген бұйрықпен бекітілген Белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің Мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу ережесінің N 1-қосымшасының атауындағы "___" жылға арналған" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Бәсекелестікті қорғау және дамытуды үйлестіру департаменті (Ә.М.Жұмабаева) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Б . Б . Д о с а н) :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары Б.Ә.Сағынтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға